



БІЛІМ

«Былай тартсаң өгіз өледі, былай тартсаң арба сынады». Қандай тауып айтылған мақал?! Мектептердегі дәл қазіргі жағдай осы мақалдың көбін киіп тұр. Былай тыртсаң заңға қайшы, былай тартсаң оқушыға қиянат.



СЫНЫБЫ ЖОҚ, АЙЫППҰЛЫ КӨП

Әңгімені басынан бастайық. Елорда мектептерінде әр сыныпта 25 баладан артық отырғаны үшін бұрынғы санитариялық-эпидемиологиялық қызмет, яғни қазіргі тауарлар мен қызмет сапасын бақылау департаментінің өкілдері білім шаңырақтарына айыппұл

салған. Айыппұлдың көлемі де қомақты. Бақандай жарты миллион теңге. Ал білім және ғылым министрлігі мектептерге араша түсуге қауқарсыз. Өйткені, заңның аты — заң.

(Жалғасы 5-бетте)

Өңір

САРЫАРҚА КЕҢ ЖАЗИРА, ӨТТЕҢ, ЖАЙЫЛЫМ ТАР


Елдегі Есенбайдың Нұр-Сұлтан қаласында тұратын нағашысына жолы түскен. Әншейінде қол берісіп амандасқанда теріс қарап тұратын нағашысы бұл жолы оң қабақ танытты. Жеңгесінің де екі бүйірін жомарттық қысып тұр екен. Төретабақ ет асыпты. Бұйра-бұйра қарта, жеңді білектей қазы. Нағашысы ет турады. Мүйізсапты өткір пышақпен әр мүшеден әдемілеп бір-бір кесіп алып, қара еттің үстіне қазыдан, қазының үстінен бауырдан салып, көрген адам жөмей-ақ тоятындай дастарханды гүл қылып жіберді.

— Жиенжан, қазір бізде ет қымбат, — деді бір уақыт нағашысы сөздің сырағысы тәріздендіріп, — ауылдық жерде арзан шығар?

— Қайдағы? — деген бұл, — ауылдағы баға да ұшынып тұр. Табан елі қазы шығатын семіз биеніз 550-600 мың теңгеге жетті. Құнан-дөнендердің бағасы орташа есеппен 500 мыңның төңірегінде. Одан арзаны жоқ.

— Айналайын жиенжан, жыл сайын соғымымды айырып отыру үшін саған екі-үш бие апарып тастайын деп едім. Баға аласың ба?

— Қайдан, нағашы? — деген ауылдан келген Есенбай жиен, — өзімнің жалғыз сиырымды бағатын жер таба алмай отырмын. Табалдырыққа дейін ту-талақай қылып бөліп алды ғой. Бос жатыр. Не өздері егін екпейді, не бізге мал



жайғызбайды. Сіздің үш биенізді үйдің төбесіне бағамын ба?

Соңғы сөз жиеннің нағашыға еркелігі емес, жүрегінің басына тұнған жапыраны еді. Шынында да, жердің жайы не болып жатыр?! Мәселен, Ақмола облысындағы жер аумағы 14,6 миллион гектарды құрайды. Оның ішінде ауыл шаруашылығына арналған жер 10 миллион 782 мың гектарға немесе барлық жердің 74 пайызына тең. Мұның 5,7 миллион гектары егістік, 4,5 миллион гектары жайылымдық. Ауыл шаруашылығы жерін тиімді пайдалану мақсатында түгендеу жұмысы жүргізілуде. Осы істің қорытындысы бойынша, ауыл шаруашылығы мақсатындағы 1 миллион 110 мың 300 гектар жердің пайдаланылмай, бос жатқандығы анықталды.

(Жалғасы 6-бетте)

Әуе жолы

AIR ASTANA ЖЕҢІЛДІК ЖАСАДЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САТЫЛЫМ



Жаңа жыл қарсаңында әуекомпаниясы халықаралық бағыттарға эконом-класта – 30% және бизнес-класта 50% дейін жеңілдікпен билет сатуды бастады. Науқан 15 желтоқсанға дейін жалғасады және билеттер 2020 жылғы 15 қаңтар мен 31 мамыр аралығындағы саяхат үшін де жарамды. Тек наурыз кезінде науқан жарамсыз. Сапар ұзақтығы 1 айдан аспау тиіс және ең аз саяхаттау мерзімі 3 күн.

Билет құны тариф тобының шарттарына сәйкес қайтарылады немесе қайта брондалады. Науқан 2 жастан астам және жоғары балаларға сатылмайды. Екі жасқа дейінгі балалар орын берусіз тегін тасымалданады. Кейбір тікелей халықаралық рейстерге билеттер сатылмайды.

Толығырақ ақпаратты airastana.com сайтында және брондау мен ақпарат орталығының +7 727 244 44 77 немесе +7 717 258 44 77 телефондары арқылы білуге болады.



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
63,30

DOLLAR
387.48

EURO
428,98

РУБЛЬ
6,05

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Тілаға –
дөңгелек

(Толығырақ 2-бетте)

3 ҚАЗАҚ ӘНДЕРІ
ҚАҢҒЫП
КЕТПЕГЕЙ...

РУХ
ПЕН САУДА

4

ҰШПАҚҚА
ШЫҒАРМАЙТЫН
ОЙЫН

5

ӘЛЕМ
БАРЫСЫ –
2019

8



on the web
JASQAZAQ.KZ

КӨКЕЙКЕСТІ

«Елге қандастарымыз жаппай оралып жатыр, бүгінде оларға барлық жағдай жасалған» десек, біз қателескен болар едік. Сондықтан бөркімізді аспанға атпай қоя тұралық. Ең алдымен оңтүстіктен солтүстікке көшкен азаматтардың басындағы түйткілді шешіп алу керек. Өкінішке қарай, қазір қай жерге барсаң да, өйтөуір бір қиындық аяқтан шалады. Айталық, Солтүстік өңірдегі тілшіміз Ақжар ауданындағы Ақсары ауылына Түркістан облысының Ордабасы ауданынан көшіп барған Абдуләзиз Әсетолланың отбасы туралы жазды. Ерлі-зайыптылардың көмек сұрап бармаған жері, қақпаған есігі қалмаған. «Ел қозғалған соң біз де бағымыз жанып, бақытымыз үстем болар жер ғой деп солтүстікке қоныс аударған едік. Бірақ алғашқы күннен бері азаптан арылмадық», – деген отағасы алты баласын қалай бағарын білмей отыр. Мектепте мұғалім болып істейтін жары Гүлімнің алпыс мың теңгесімен жан сақтаған. Қазір әйелі баламен үйде отыр. Алатын жердемақыны бір айға қалай жеткізерін білмейді. Тұрақты жұмыс жоқ. Бұл барлық жерде қалыптасқан құбылыс.

Биыл «Еңбек» бағдарламасы аясында Түркістан мен Алматы облысынан солтүстік аймаққа 7 мың отбасы қоныс аударыпты. Барлығы да өз еркімен барған отбасылар. 2050 жылға қарай солтүстіктегі тұрғындар саны 1 миллионға дейін азайып, оңтүстік жұрты 5 миллионға дейін көбейетінін ескерсек, осы үрдіс жалғаса берері анық. Бұл туралы пікір білдірген еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов: «Тұрғындарды көшіргенде жай ғана бір күннің ішінде көшіру емес, ол үшін алдымен жағдай жасалуы тиіс. Ол дегеніміз — жұмыспен қамту, тұрғын үй, балабақша, мектеп және тағы басқа мәселелер шешілуі керек. Оларға бір реттік 35 АЕК көлемінде жәрдемақы беріледі. Сондай-ақ баспана мәселесін шешу мақсатында 1 жылға дейін пәтер жалдап тұруы үшін ай сайын 75 мың теңге көлемінде төлемақы беріледі», — деген еді.

Амал қанша, бірқатар қоныс аударушылардың арыз-шағымына қарағанда, мемлекеттік бағдарлама толыққанды жұмыс істеп жатқан жоқ сияқты. Біз бұл туралы Jas qazaq-та бұрын да жазғанбыз. Оңтүстіктен солтүстік

өңірге көбінесе жастар және еңбек жасындағы азаматтар көшіп жатқанын ойласаңыз, барлығына бірдей жұмыс тауып беру оңай емес.

Айтпақшы, күні кеше Көкшетау қаласы маңындағы Красный Яр ауылдық округінде «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша үйлердің сапасыз салынғанын сенатор Мұрат Бактиярұлы үлкен мәселе етіп көтерді. Осыған көз жеткізу үшін Красный Яр ауылына бір топ Сенат

рұқсатпен жұмыс істеуде. Жыл басынан бері 362 мың шетелдік азаматқа еңбек патенті берілген. Осы жерде «бос жұмыс орындарына сырттағы қандастарымызды неге тартпасқа?» деген сұрақ туындайды. Алайда бұл сағызша созатын мәселе емес екендігі түсінікті.

Атамекенге көш түзегендердің көпшілігі Өзбекстан, Қытай, Монғолия және Түркіменстаннан келген қандастарымыз. Алдағы уақытта осы үрдісті жандандыру мақсатында олардан



ЖАҒДАЙ ЖАСАҒАННАН ҰТЫЛМАЙМЫЗ

депутаттары барып, ел-жұрттың мұнын өз ауыздарынан естіпті. Осылайша ішкі мәселені толық шеше алмай жатқанда, шетелден оралған қандастарымызға қаншалықты жағдай жасай аламыз? Бұлай дейтініміз — еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің айтуынша, еліміздегі көші-қон түйткілдері мен келешегіне арналған республикалық жиында биыл 13 мың қандасымыз тарихи Отанына оралғанын хабарлады. Бір қарағанда тәуір көрсеткіш секілді. Бірақ, алыстан келген ағайын аяғынан тұрып кету үшін не істеліп жатыр? Айталық, биылғы 10 айда елімізге әлемнің 200-ге жуық елінен бірнеше миллион адам келіп-кеткен. Олардың арасында мындаған жұмыс іздеушілер бар. Дәл қазір 2 200-ден астам кәсіпорында 21 мыннан астам шетел азаматы ресми

талап етілетін құжат саны 43-тен 20-ға дейін қысқарған. Бұл туралы ақпарат министрі Дәурен Абаев құжат рәсімдеу бойынша барлық қызмет тек бір жерден — ХҚО-да «бір терезе» қағидаты бойынша көрсетілетінін атап өтті. Тіпті алғашқы өтінішті елімізге келмей-ақ шетелдегі біздің елшіліктердің консулдығына беруге болады. Осының өзі уақыт пен қаражатты үнемдейді. Оған қоса, құжат рәсімдеу бойынша барлық қызмет көрсету мерзімі 6 айдан 3 айға дейін қысқарды.

Айналып келгенде, ішкі көші-қон мен сырттан келетін ағайынға жұмыла жабылып жағдайын жасасақ, демографияны түзеп қана қоймай, ел экономикасын көтеруге де жол ашамыз.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Әлеумет.t⁰



ӘКІМДЕР ШАРШАП ЖҮР ЕКЕН

Қонақжайлық — қазақтың ең асыл қасиеті. Келген қонағына көл-көсір дастархан жайып, жылы-жұмсағын мейманының аузына тосу — ежелден қалған салт. Алайда дәстүрлі де бұра тартса, шектен шықса, оның қадірі мен қасиеті қашады. Кілтіпан дәстүрде емес, соны сылтауратып «асыра сілтейтіндерле». Біздің айтпағымыз мынау еді: Батыс Қазақстан облысындағы ауыл әкімдерінің бірі жұмыстан кетіпті. «Одан тұрған не бар, кім жұмыстан кетпей жатыр» дейтін шығарсыздар. Мәселе әкімнің орнын босатуында емес. Кішкентай шенеуніктің өзінен жоғары аудан мен облыстан келетін үлкен дөкейлерді қонақ қылудан шаршауында. Анығын айтқанда, ауыл әкімін өмірдің өзі шаршатқан.

Жосықсыз қонақжайлықтан азарда-бездер болған шенеуніктердің жанайқайын олардың әйелдері жергілікті «Ақжайық — адалдық алаңы» деп аталатын ұйымның басшысы Әлия Салиеваға жеткізіпті. Әлия ханымның Астана телеарнасына берген сұхбатында «Округ әкімдерінен әлде ақша жинайды, әлде тамақ сұрайды. Яғни қой сұрайды, соғым талап етеді. Әкімдер: «Біз өзіміз кәсіпкерлерден көмектесіп жібер», — дейміз. Олардан бір сұраймыз, екі сұраймыз. Үшінші, төртінші рет өзіміз қалтамыздағы айлық жалақыны жұмсаймыз», — дейді. Ал әйелдері: «Біз мамыр айынан күзге дейін жолдасымыздың айлық жалақысын көрмейміз. Сондай жағдайға жеттік», — депті.

Бұл танданатын жаңалық емес. Барлық өңірге ортақ жағдай. Ауылдағы кішкентай шенеуніктер жоғарыдан келген дөкейлерді, комиссия мүшелерін асты-үстіне түсіп күтіп, қонақ қылады. Қазы-карта, жал-жаясын асып, иығына шапанын жауып, қалтасына бір аттын ақшасын салып, шығарып салады. Мұны ешкім үйреткен жоқ. Қазақы қонақжайлықтың асқынған түрі. Яғни мансап үшін майшөлпек болған меймандостықтың шектен шыққан шегі.

Бірнеше жыл бұрын Керекудің Баянауылына жолымыз түсті. Жұмыс бабымен. «Журналистер келді» деп, әкімдіктегілер шапқылап жүр. Шаруамызды айттық. Ары қарай өз жұмысымызға кірісіп кеттік. Түске қарай әлгі әкімдік қызметкерлері абыр-сабыр бола бастады. Сөйтсек, олар бізге арнап дастархан жайғалы өбігер болып жатыпты. Біз «Көңілдеріңізге рахмет! Іссапарға бөлінген ақшамыз бар. Соған тамақтанамыз. Тиын жинаманыздар. Дастархан жайманыздар», — деп, иненің көзінен өтердей лыпылдап жүрген әкімнің көмекшісін шақырып алып, оңаша айттық. Әлгінің көзінің ағы мен қарасы араласып кетті. «Ойбай, ондай бола ма?! Бізге келген қонақтар құстың сүті мен жылқының өтінен басқаның бәрін сұрайтын еді. Сіздер қандай жақсы меймансыздар», — деп қолымды қайта-қайта қыса берді. Сөйтсек, бұған дейін келген сыйлы меймандардың бәрі «Ана жақтан келдік. Мына жақтан келдік. Ана министрдің, мына әкімнің адамымын», — деп, әбден қажытыпты. Әсіресе, жазғы демалыс маусымы мазасыз болатын көрінеді. Астана жақтағы дөкейлер бала-шағасын Жасыбайға демалуға жіберіп «Күтіп алындар!» деп қонырау шалады екен. Бұлар жұмыстың бәрін доғарып тастап, әлгі дөкейдің әйелі мен бала-шағасын Сабындыкөлдің сабынына шомылдырып, Жасыбайдың айдынына жуындырып, Торайғырдың құмына қыздырып қайтаралы. Ондай қоныраумен келетіндер бір-екеу бола ма? Алажаздай айлық-шайлығын соларға шашып, шаршайтын көрінеді. Жайық өңіріндегі әкімнің жұмыстан кетуі де осындай шектен шыққан қонақжайлықтың кесірі.

Жарас КЕМЕЛЖАН

Сөз-Жебе

Динара ШАЙЖҮНІСОВА, «Болашақ» қорының өкілі:



«Қазақтілді аудиторияның құқығын бұзу жалғасып жатыр. Ал кәсіби дубляж жасалмаған жағдайда фильмге прокат рұқсатын бермеу заң бойынша көзделген. Бірақ бұл талап орындалмай отыр. Ұзақ жыл шетелде тұрғандықтан, бала кезімде маған өз тілімде фильм көруге мүмкіндік болған жоқ. Бүгінде «Болашақ» қоры бюджеттен тыс қаржы кезі арқылы Қазақстандағы миллиондаған балаға әлгі мүмкіндікті беріп отыр. Жыл сайын қазақша 10 мультфильм. Балаларымыздың жұрт көретін уақытта тамашалауға хақысы бар».

Қызықтан қызықтары

ПАРАҒА – ДӨҢГЕЛЕК

Адамнан айла артылмайды екен. Осыған дейін параның неше түрін естісек те, ешкім ойламаған зат беретіндер де бар екен.

Костанайлық шенеунік келіншек көлігінің қазіргі жайын ойласа керек, параны қысқы дөңгелекпен алыпты. Ол анау-мынау арзан дүние болмай шықты. Төрт дөңгелек 180

мың теңге тұрады екен. Бұл туралы Костанай облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті хабарлады. Ол жеке тұлғаға мемлекеттік қызмет алуды жеделдетуге көмектеспекші болыпты. Бірақ, айласын асыра алмады. Қазір осы оқиға бойынша сотқа дейінгі тергеу жалғасуда. Күдіктіге қатысты шешімді сот қабылдайды.



АПТАНЫҢ БЕС МЫСҚАЛЫ



11 МЛН

теңгенің кабелін күзетшілері ұрлап кетті.

14

ауылды сумен қамтамасыз ету үшін қаржы бөлінді.

37 МЛН

теңгені атаулы әлеуметтік көмекті заңсыз алғандар қайтарды.

12

жылдық білім беру жүйесіне көшуге дайындық жалғасуда.

2020

жылы ителгі еліміздегі құс символы болады.



Ирина СМІРНОВА, Мәжіліс депутаты:

«Мектеп директорлары ұл-қыздарды далаға қалдырғысы келмегендіктен, балаларды

нормадан тыс қабылдайды. Ал оқушылардың мектепке қабылдау шегін мемлекет ең алдымен өзі шешуі керек. Осыған байланысты Мәжіліс депутаттары Үкіметке сауал жолдауға дайын».

1x2

Бибігүл АСЫЛОВА, білім және ғылым вице-министрі:

«Білім және ғылым министрлігі Жоғарғы сотпен бірлесе отырып, алдағы атада меморандум даярлағалы жатырмыз. Онда оқушылардың мектепке сыймауына директор жауап береді деген қағиданы алып тастаймыз. Өйткені мектепке оқушылардың сыймауы директорға байланысты емес».



Жазылған жайдың жаңғырығы

Jas qazaq
ұлттық апталығының №47
санында (22 қараша, 2019 жыл)
«Менің әнім сендерсіз де айтылып
жүр!» деген тақырыппен белгілі өнер
зерттеушісі Ілия Жақановпен тілшіміз
Жарас Кемелжанның сұхбаты жарияланған
еді. Онда белгілі композитор Ақан серінің
«паспорты» саналған «Балқадиша» әнін бұзып,
мәтініне «жамау» қосып айтып жүрген өншілер
төңірегінде сөз болған еді. Шын мәнінде, соңғы
кездері сахнаға шығып жүрген жас өншілер,
елге қалай таныларын білмей аласұрған топтар
қазақ әндерінің құтын қашырды. Әсіресе,
«Балқадишаның» басын
қатырғандарға шағым көп.
Бүгін назарларыңызға ұсынып
отырған жазушы Ғаббас Қабышұлының да
пікірі «Балқадишаға» қатысты болмақ.
Ал мұндай өрескел жағдайларға
қашан тыйым салынары
әзірше белгісіз.

«Мәриям — Жәгер деген орыс қызы...» деп басталып, құлағыма бастауыш мектеп шәкірті шағымда сіңген, одан беріде мен де сан рет тыңдаған әсем әннің бір шумағы, қайырмасы айтылып, кенет тына қалды. Колға ұстап жүретін шағын радиокабылдағышымнан Қазақ радиосы

ҚАЗАҚ ӘНДЕРІ ҚАҢҒЫП КЕТПЕГЕЙ...

мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованың назарына!

арналарының концерттерін іздеп отырғанмын. Иә, ән тына қалды да, жіңішке ызын мен шикыл араласқандай әлдебір түсініксіз әуен естіліп, мөлшері он бес секундтен кейін «Дудар» деген пәс дауыс шықты. Ызын мен пәс дауыс одан соң екі рет қайталанды, — әнші келіншек «Дудар» дегенді жанашырлық үнмен тағы да екі рет айтты. Көне әннің «жана түріне» еріксіз тандандым.

Наз-сағыныш мәнді бұл әнді бірер күннен соң басқа арнадан естідім. Үшінші тармағынан: әнші жігіт жігерленіп, құйкылжыта шырқап тұр екен. Оны сүйемелдей тоңқ-тоңқ еткен тұрпайы бір дауыс құлағымды «бұрай» бастады. Шыдай алмай, басқа арнаны іздедім:

*«Колхозда жанып тұрған шам Қадиша.
Жұмысқа басқа әйелдер бара берсін,
Мен келдім, бүгін үйіңде қал, Қадиша!»*
«Ақан серінің «Балқадишасы» басталған екен ғой, бірақ»
деп қойып, ары қарай тыңдадым:
*«Дегенде Балқадиша, Балқадиша,
Бұралған белең нәзік тал, Қадиша.
Сексен қыз серуенге шықсадағы,
Ішінде шолпан жұлдыз, жарығым, сен, Қадиша.*

*Бұрында асау тайдай жүрген басың,
Каларсың біздің сөзге, қағым, зар, Қадиша.
Бір емес, екі жеңгең келіп отыр,
Рұқсат бізден сізге, жанарым, бар, Қадиша.*

Оу, мынау кімнің Қадишасы?!. Радиокабылдағышымды тоқтатып, еріксіз ойланып қалдым. Атақты, тарихи «Балқадишаны» мұншама «түзеткен» кім, қашан?.. Ақан серінің тұсында қайдағы колхоз? Одан кейінгі «жаңа» үш тармақты, «шолпаным», «жарығым», «қарағым», «жанарым» дегенді қайдан тапқан, кімнен алған? Ақаңның: «Құшақтап құсжастықты жылағаным» дегенін «Құшақтап қара жерді жылағаным» деп қисынсыз әсірелегені несі? «Еңіреп жылағаным, еңіреп жылағаным, жаным Қадишасы» ше?... Ақаңның нала-мұң, шарасыздық раймен баяулатып айтқан әнін ойнақыландыра орындау да «жаңашылдық» болғаны ма?

*Дегенде Балқадишам-оу,
Балқадиша.
Күйеуің сексен бесте шал,
Қадиша.
Кетті деп Балқадиша естігенде,
Тауында Жыландының құшақтап
қара жерді, еңіреп жылағаным.
Еңіреп жылағаным, жаным
Қадиша!».*

Оу, мынау кімнің Қадишасы?!. Радиокабылдағышымды тоқтатып, еріксіз ойланып қалдым. Атақты, тарихи «Балқадишаны» мұншама «түзеткен» кім, қашан?.. Ақан серінің тұсында қайдағы колхоз? Одан кейінгі «жана» үш тармақты, «шолпаным», «жарығым», «қарағым», «жанарым» дегенді қайдан тапқан, кімнен алған? Ақаңның: «Құшақтап құсжастықты жылағаным» дегенін «Құшақтап қара жерді жылағаным» деп қисынсыз әсірелегені несі? «Еңіреп жылағаным, еңіреп жылағаным, жаным Қадишасы» ше?... Ақаңның нала-мұң, шарасыздық раймен баяулатып айтқан әнін ойнақыландыра орындау да «жаңашылдық» болғаны ма?

Сол «жаналықтан» кейін радиоарналарымызды екі кеш бойы әдейілеп «аралағанымнан» байқағаным: казактың көне, бертінгі, бүгінгі әндерінің кейбіреуінің мәтінінен бірер сөзді алып тастап, орнына басқа сөздерді қосу әдетке айналғандай. Бір мысалы келтірілді. Ал әндердің орындалу сипаты әрбір әншінің еркінде сияқты. Өмір, тағдыр, тіршілік, сүйіспеншілік, сағыныш сазымен, байыпты, баяу нақышты қоңыр үнмен айтылуы шарт әндердің біразы желпіністі жеңілтектікпен орындалып жүр. Сазгердің жүрегінен шыққан, тындарман жұрттың жүрегіне жеткен қымбат әндер арзандатылып жатыр. Бірде махаббат нәрлі сағыныш әнін дауысы жуан жігіттің жігерлене, қатқыл орындауын естіп, абыржып: «Мына әнші операда жағымсыз кейіпкерлердің рөлін ойнап жүрген жоқ па екен?!» деп ойладым.

Радиоарналарымыздағы концерттерде тыңдаушысын абыржудан бетер мезі ететін жәйттер аз емес. Әннің авторлық түпнұсқа ырғақ-нәшін бұрмалауға қоса оның екі тармақтан, төрт тармақтан тұратын қайырмасын бес-алты рет қайталайтын «дәстүр» белең алыпты. «Біз аспанның мөлдіреген жастары елік...» деген ән шумағының төрт екпіндете қайталанғанын естідім. Оны айтма-ау, тағыда бірде әуені де, өлені де еске сақтала қалмайтын бір әнсымақтың (өлені — екі шумақ, қайырмалары — екі тармақтан) екі рет қайталап айтылғанын естіп, ол қандай «өнер» екенін түсіне алмадым. Енді бірі «Қамажайды» боршалап тынды. Естүімше, «әнөңдеуші мамандар» бар көрінеді. Жә, делік, ол нендей, қандай өңдеу? Мынау айтқандарымдай додалау ма? Мен музыкашы емеспін, тыңдаушы ғанамын, мүмкін түсінбейтін шығармын? Бірақ, оның есесіне менің білетінім: казак әнінің ешқайсысын авторлық түпнұскадан ажыратып «өңдеуге» болмайды! Өйте берсек, «Айттым сәлем, қаламқас» шөберелерімізге «Айттым сәлем, қырмақас» болып, «Қара торғай» «Көк торғай» болып... жетері сөзсіз. «Өңдегіштерді» еркіне жіберудің ақыры халқының ардақтысына, тарихи тұлғаға айналған марқұм ақын-сазгер аталарымыздың аруағынан ары-бері аттай беруге айналады.

Екінші жәйт: шын мәнінде не ән, не тапқак екені беймәлім «әуендер» соңғы жылдары радиоарналарымызды жайлап алған тәрізді. Мұхиттың арғы-бергі жағындағы қайсыбір елдерде қызуқанды, әлде талғамсыз, әлде әдейі тандап құралған «Әншілер тобы» көп. Біздің радиожүйемізде солардың бірнеше арнасы бар. Егер анда-санда тыңдап көрген болсаңыздар, олардың әнді ышқынып-қышқырып бастап, ара-

арасында әлдебір сөзді он шақты рет қайталап, тапқакқа айналдырып, алқын-жұлқын, опыр-топыр билеумен тоқтайды емес пе? Соларша «билеуге» біздің аты сүйкімді «Гәкқу» арнамыздың еліктеуі өкінішті-ақ! Еліктегенде радиоарналарымыздың көбі «шетелдік ұстаздарының» тіпті даңғыр-дұңғыр, сарт-сұрт «музыкалық» аспаптарын пайдаланып та мәз. Сайтанның сапалағы дегендей, әсіресе соңғы жылдардағы «жана әндерімізді» оркестрлік сүйемелдеуде сол әулекілік етек алып кетті. Қанылтыр табакты ұрғылағандай қаңғыр-қуңғыр, даң-дұң даңғаза дауыспен немесе жалдап алғандай, әлдекімнің әлденені үздіксіз дүңк-дүңк еттіре қатты түйгіштеуімен, тоқпақтауымен басталып, екілене үдете түсуімен аяқталады, жүйкесінің соры. Азар да безер болып тынасың.

2018 жылдың «Домбыра жылы» деп жарияланғаны естеріңізде болар. Соның «құрметіне» ме, әйтеуір, радиоарналарымыздағы концерттерді домбыра оркестрімен сүйемелдеу тыйылды. Жеке әнші-домбырашылар ғана пайдаланалды. Сондай-ақ: не қобыз, не сырнай үнін ести алмайсыз.

Айтқан ойларыма нақты дәлел келтіруім кемшін екенін байқаған шығарсыздар. Иә, солай. Оған себеп: арналардағы концерттерде, ол да бір «жаналық» — әннің де, орындаушының да аты аталмайды, өлең мен әннің авторлары кім екені айтылмайды.

Бұл өкініштерімнің мәнісі: жаңа министріміз Ақтоты Рахметоллақызы арналарда күні-түні беріліп жататын осынау «концерттерді» тыңдаса екен. Казак әндерін қаңғытып жіберер бейбастак әрекеттерді тоқтатуға кіріссе екен! Өзі де сазгер Ақтоты кенестік кезде мәдениет министрлігімізде «Көркемдік кеңес» болғанын біледі. Ол Кеңес халқымыздың тағамына сай болар ән мен күйді, билді тандап алатын. Бүгінгідей өз пайдасын көздеген атакқұмар, ақшақұмар жандайшаптыққа әсте жол бермейтін. Сол Кеңесті қайтадан ашу қажет.

Бір қосымша: АҚШ-тың әйгілі саясатшысы болған, Кеңес Одағын құлату, социалистік әлемді жою жоспарын жасасқан Аллен Даллес 1946 жылы бір сөзінде: «Кеңес Одағын қару күшімен құлату мүмкін емес» дей келіп, былай депті: «...Біз совет халқының ұрпақтарын бірінен соң бірін аздыруға тиіспіз. Оларды бала кезінен, жасөспірім шағынан бастап нысанаға алуымыз керек. Оларды ойсыздыққа жетелейтін музыкамен, кітаппен, киномен еліктіреміз, желіктіреміз. Сөйтіп, оларды: желөкпе, жетесіз, жігерсіз, отансыз рухани байғұсқа айналдырамыз!».

(Жоғарыда: «...әлде әдейі тандап құралған «Әншілер тобы» көп» дегенде құмүйіз Даллестің осы сөзі ойымда болды.)



Сурет: Елания САМУГУЛЫ

Мұнысын сандырақ делік. Алайда «аурудың алдын алуды ойлау» артық болмайды. Бүгінде, менің аңғаруымша, ол сөз Ресейдің телерадио жүйесінен көрініс таба бастағандай. Радиоарналарын алқын-жұлқын әнсымақ пен бисымақ иектеуде. Телеарналарының төртеу-бесуеі әйгілі артистерінің, ақын-жазушыларының, басқа мамандықтағы қоғам қайраткерлерінің (көбінесе марқұмдардың) «моральдік азғындықтары» жайында айтыс-тартыс өткізуге машыктанып алды. Ол «тапқырлықтарының» тәжікелесуші екі жакка да ұят, масқарадан өзге ешқандай тәуіршілігі жоқ. Даллестік жоспар жүктырған сол «ауру» бізге жоламаса екен!

Ғаббас КАБЫШҰЛЫ,
жазушы

RYHANIAT 3

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

ЖӘДІГЕР



Тұрмыстық бұйымдар



Аңшылық кәсіптің қару-жарағы



Ер-тұрман



Тігін бұйымдары



Ат әбзелдері

Талдықорғандық Әуесхан Мажайқызы төрт әулеттің мұрасын жинаған. Жәдігердің бәрі құнды. Ежелде ата-бабаларымыз тұтынған тұрмыстық бұйымдар: қазан-ошақ, самаурын, келі-келсап, астау, пышақ, шөміш, теріден жасалған бұйымдар көздің жауын алады. Әжей жақында қолындағы бар асылын Шамалғандағы (Алматы облысы). «Атамекен» тарихи-мәдени орталығының музейінде жұрт назарына ұсынды.





E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

АЛЕҮМЕТ

www.jasqazaq.kz

Ойсалар

Тәуелсіздік күні Жаңа жылға өзіндіктің аясында елеусіз қалып қоятыны ащы шындық. Жылда осы, бір көрініс. Ірі сауда орындарының іші түгілі сыртынан да «Тәуелсіздік күні құтты болсын!» деген жарнама көрмейсіз. Есесіне, сан түрлі бояуға малынған шырша ішінде де, сыртында да тұр. Көз алдайтын көрініс күн сайын көбейіп келеді.

жейміз. Наурызда киіз үй тігіп, наурыз көже ішеміз. Ал Тәуелсіздік күнінде не істейміз? Өзіңіз айтыңызшы? Сондықтан мереке ретінде күтудің адамның түйсігіне әсер ететін нышандарын қалыптастыру үшін біраз елдің тәжірибесін зерттеп, тұжырымдамасын жасауымыз керек. Үшіншіден, психологиялық жағдай. Адам үмітпен өмір сүреді. Үміт дегеніміз не? Бұл — болашақ. Яғни жаңа жылды атап өту арқылы халық болашақтан үміт күтеді. Келер жылға тілек айтамыз. Жаңа жылды Тәуелсіздік күнімен салыстыру арқылы

РУХ ПЕН САУДА

«Алдараспан» әзіл-оспақ театрындағы Нұржан Төлендиевтің Аяз атаны үйге шақыратын секілді күлкілі қойылым жеткілікті. Өсіп жүріп елдік мерекенің тәтті дәмін сезінбей қаламыз. Бұл туралы белгілі журналист Шыңғыс Мұқан былай дейді:

«Біздің мемлекет үшін Тәуелсіздік мерекесінің маңызы зор. Мереке — халықты біріктіретін фактор. Мемлекет қай құндылыққа басымдық береді, сол мереке кең көлемде аталып өтеді. Еліміздегі ең ұлық мереке — Тәуелсіздік күні. Бірақ бұл күннің алдына неге жаңа

соңғысының тұғырын көтере алмаймыз. Әр мерекенің халыққа берер ерекше эмоциясы бар. Жаңа жыл — қалыптасқан мереке. Онымен бәсекелесіп қажеті жоқ. Одан да адамдарға қажет басқа эмоция сыйлайтын мерекеге айналдыруды ойластырғанмыз жөн».

Бұл пікір өзгелерге ой салса игі. Біздің де айтпағамыз осы. Мерейлі мерекенің тұғыры биіктеу үшін жаңа жылдан да асып-түсетіндей деңгейде атап өткен жөн. Жалпы, осы екі мереке қарсаңында сауда орындары тауарға жеңілдік акциясын жаппай ұйымдастырады. Жақсы делік. Бірақ ол шетелдігідей неге «Black Friday» деп аталуы тиіс?

Бұл туралы Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы баспасөз қызметінің жетекшісі Ағабек Қонарбайұлы: «Мұсылманның түсінігінде жұма — күн шыққан сәттердің ішіндегі ең қасиетті, қайырлы күн.



Жұма — дұға қабыл болатын қасиетті күн. Мейірім мен берекеге толы күнді «Black Friday» деп атау халқымыздың, жалпы мұсылман жамағатының наразылығын тудыратыны хақ. Бұл атауды өзгертуді өркениетті түрде талап етуіміз керек деп есептейміз. «Black Friday» деп жамандық шақырмай, оның орнына «Қайырлы жұма» деп атауды ұсынамыз. Жұманың қадір-қасиетін арттыру — әр мұсылманның міндеті, — деді.

Осындай акция ілгеріде Түркияда ұйымдастырылғанда, олар «Black Friday» атауына мүлде тыйым салыпты. Қазір ол «Қайырымды жұма» деп аталады. Ал біз де осылай өзгерсек, «Технодом» мен «Сулпактын» саудасы тоқтап қалмасы анық. Жалпы сауда орындары, басқа да қызмет орындарында Тәуелсіздік күні түрлі жеңілдікті еселеп көбейту керек. Осындай тәсілдер ел мерекесінің лайықты аталып өтуіне дәнекер болады.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

жыл түсіп кетіп жатыр? Оған бірнеше себеп бар. Біріншіден, үкімет әлі де болса, бұл мерекеге күш сала алмай отыр. Айтулы күнді халық асыға күту үшін мерекелік нышандар керек. Балалар Жаңа жылды неге күтеді? Сыйлық алады.

Екіншіден, тарихи астар. Жаңа жыл мерекесін атап өте бастағанмызға ғасырлар асқан болар. Ал 16 желтоқсанды атап өтіп жатқанмызға қанша уақыт болды? Оны атап өтудің қандай дәстүрін қалыптастырдық? Айталық, Жаңа жылда шырша тігіп, оливье салатын

Өндіріс

Әр отбасындағы ас мәзірін сұйық май, қара бұрыш, майонезсіз елестету мүмкін емес. Ал күнделікті тұтынатын осындай тағамдардың қалай шығатыны бізге беймәлім. Осы орайда алматылық БАҚ өкілдері Eurasian Foods Corporation (EFC) холдингінің зауытында болып, ондағы өнімдердің тұтынушыға жеткенге дейінгі процесімен танысты. Бұл компания еліміздің тамақ өнеркәсібі саласында жетекші орын алады. Жұртқа танымал «3 желания», «Шедер» және «Златые горы» бренд өнімін өндіруші болып табылады.

ЖАҢА ӨНІМ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Журналистер ең алдымен өндіріс ошағының техникалық қауіпсіздік ережесімен танысты. Арнайы киім кигеннен кейін, зауыттың сапаны бақылау зертханасын аралады. Бұл жерде зауыт шығаратын өнімнің сапасы мен құрамы жіті тексеріледі. Одан кейін сапар аясында зауыттағы өнімнің қалай шығатынын, қорпақа қалай салынатынына дейінгі жұмыс процесімен танысты. Өнім дайындау процесі толығымен автоматтандырылған. Құрылғы өндірістің барлық технологиялық процесін қадағалауға мүмкіндік береді.

Зауыттың ішкі жұмысымен танысқаннан кейін, журналистер жаңа бірегей өнім — «Мерекелік Провансаль» бие сүтінің дәмі бар қазақстандық алғашқы майонездің дәмін татты. Зауыт басшылығы мен технолог мамандар журналистердің бірқатар сұрағына жауап берді.

Eurasian Foods Corporation инновациялық технологиялық зертханасының бастығы

Руслан Шілдебаевтың айтуынша, ұлттық ас үйі дәстүрлерін есептейтін бірегей майонезді жасаудың шығармашылық процесі бір жылға жуық уақыт алған. Ол: «3 желания» бренді майонездері құрамында табиғи сүттің бар болуымен әрдайым ерекшеленді. Майонездегі сүт өте маңызды ингредиент, кеңес дәуірінде осы компонент кіретін Провансаль рецептурасы әзірленді. Бұл қадам өнімнің биологиялық құндылығын арттыру мақсатында жасалды. Сонымен қатар сүт «3 желания» майонезінің дәмдік сапасын жақсарттады, оны жұмсақ және толыққанды етеді. «Мерекелік Провансальдегі» бие сүті басқа табиғи ингредиенттермен — жұмыртқа сарысы мен күнбағыс майымен керемет үйлеседі. Біздің жаңа өніміміз салаттарға қосу үшін, бірінші және екінші тағамдарға дәмдеуіш ретінде үйлесімді келеді», — деді.

Майонез компания кәсіпорындарында дәстүрлі «ыстық» тәсілмен өндіріледі, оның

БЖЗҚ

Салымшылар мен алушылардың бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы зейнетақы жинақтары инфляция себебінен ешқашан құнсызданып немесе жойылып кетпейді. Өйткені Қазақстанда зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз ететін бірегей мемлекеттік кепілдік моделі жұмыс істейді. Соған сәйкес болашақ қарияларды зейнетақымен қамту жауапкершілігі мемлекет, жұмыс беруші және салымшы арасында оңтайлы үлестірілген.

Қорда зейнетақыға қаражат жинау бірнеше ондаған жылдарға созылатыны белгілі. Әріне, шоттағы жинақ ақша бекерге жатпайды. Әр түрлі қаржы құралдарына инвестицияланып, одан түскен табыстар салымшылардың шоттарына күн сайын есептеліп отырады. Бұл жерде олардың зейнетақы шоттарына бірдей мөлшерде үлестірілмейтіндігін айта кеткен жөн. Инвестициялық табысың көлемі шотыңыздағы жинақ ақшаның сомасына, келіп түсіп жатқан жарналардың көлемі мен түсу жиілігіне тікелей байланысты.

Нарық жағдайында инвестициялық табыстар мен инфляция көлемі сан құбылып отырады. Міне, осыған байланысты «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес зейнетақы төлемдерін алу құқығы туындаған шақта мемлекет зейнеткердің жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысқан бүкіл кезеңінде болған инфляцияны есепке ала отырып, оның



БЖЗҚ
ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ / ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫ МЕМЛЕКЕТ ҚАМҚОРЛЫғыНДА

атына Қорға аударылған міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген мөлшерінде сақталуына кепілдік береді.

Осылайша Қорда жинақ ақшасы бар адам зейнетақы алу құқығына ие болған кезде оның шотындағы қаражат осы шотқа енгізілген жарналардың сомасымен салыстырылып тексеріледі. Бұл ретте оның зейнетақы жүйесіне қатысқан бүкіл кезеңіндегі инфляция деңгейі ескеріледі. Егер алушының Қордағы жинақтарының инвестициялық табысты қоса есептегендегі жалпы сомасы инфляцияға тең және одан жоғары болса, мемлекеттік кепілдік бойынша айырма сомасы төленбейді. Ал егер инфляциядан төмен болса, «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы мемлекеттік кепілдік бойынша айырма төлемін есептейді. Бұл сома біржолғы төлем ретінде республикалық бюджет есебінен алушының банк шотына 10 жұмыс күні ішінде аударылады.

Бір жолғы өтемақы мөлшері әрбір салымшының зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне және шотындағы жинақтарының көлеміне қарай әрқалай болады.

Біржолғы айырма төлемін зейнеткерлік жасқа толған азаматтар, I және II топтардағы мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленген жандар, шетелге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар және осы төлемді алуға құқығы бар

адам қайтыс болған жағдайда, оның мұрагерлері алуға құқылы.

Бұл ретте зейнет жасына толған азаматтар 2018 жылдың қазан айында енгізілген Композиттік қызмет аясында мемлекеттік зейнетақылар (*ортақ және базалық зейнетақы*) мен Қор төлемдерін және мемлекеттік кепілдік бойынша айырма төлемін алу үшін бірыңғай өтінішпен тек «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының жергілікті бөлімшесіне (*Халыққа қызмет көрсету орталығына*) жүгінеді. Айырма төлемін алу үшін бөлек өтініш берудің қажеті жоқ. Айта кетелік, бұған дейін бұл азаматтар Қордағы жинақтарын алу үшін осы Қорға жүгінетін.

Ал Қорда зейнетақы жинақтары бар, I және II топтардағы мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленген жандар мен шетелге қоныс аударған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін зейнетақы жинақтары есебінен төлем алу тәртібі өзгеріссіз қалды. Яғни, олар бұл үшін бұрынғыдай Қорға жүгінеді. Бірақ мемлекеттік зейнетақылар (*ортақ және базалық зейнетақы*) мен мемлекеттік кепілдік бойынша айырма төлемін алу үшін әріне, Мемлекеттік корпорацияға өтініш береді.

Еске саламыз, зейнетақы жинақтары салымшының меншігі болып табылады және мұраға қалдырылады.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

негізінде пастерлеу процесі жатыр. Бұл тағам қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және консерванттарды пайдаланбай өнімді сақтау мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді.

Eurasian Foods Corporation АҚ бас технологы Марина Пактың айтуынша, мұндай технология көптеген бәсекелестердің пайдалануымен салыстырғанда өндірістің неғұрлым ұзақ әрі шығынды процесін қамтиды. Ол: «Мұны үнемдеудің жолы деп есептемейміз. Біз сапа дәстүрлерін ұстанамыз және майонездерді классикалық «ыстық тәсілмен» өндіретінімізді мақтан тұтамыз», — деді.

Eurasian Foods Corporation өкілдері тарихы 1962 жылдан басталатын өндірістің трансформациясы туралы журналистерге баяндалды. Кәсіпорынның даму стратегиясына сәйкес, Алматы зауыты бүгінде майонез, кетчуп, тұздықтар, дәмдеуіштер мен күнбағыс майын шығаруға маманданған. Нарықтың қажеттілігін қанағаттандыру және дайын өнім шығару көлемін ұлғайту үшін технологиялық және қосалқы жабдықтарды жаңғырту мен жаңарту және жаңа технологияларды енгізу тұрақты түрде жүзеге асырылады. Соңғы он жылда өндірісті дамытуға арналған

инвестиция 80,5 млн доллардан асты. Бүгінде 3000-ға жуық адамды жұмыс орындарымен қамтамасыз

ететін холдинг құрамына саланың екі ірі кәсіпорны — Алматыдағы Eurasian Foods Corporation АҚ және Қарағандыдағы Eurasian Foods АҚ зауыттары кіреді. 2018 жылдың қорытындысы бойынша холдинг шығаратын өнім көлемі 140 000 тоннадан асты.

Eurasian Foods Corporation өнімінің жоғары сапасы мен тамаша дәмін тек қазақстандық тұтынушылар ғана бағалап қойған жоқ. Көп жылдар бойы кәсіпорын алыс және жақын шетел нарығында — Ресей, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Ауғанстан, Грузия, Армения, Әзірбайжан мен Моңғолияға өнім жеткізеді. 2018 жылы холдинг 19 мың тонна өнімді экспорттады немесе ол жалпы өндіріс көлемінің 13 пайызы. Соңғы бес жылда экспорт көлемі 56%-ға өсті. Astana Agro-2018 форумының қорытындысы бойынша Eurasian Foods Corporation холдингі елімізде өнім экспортының көшбасшысы болып танылды.

Eurasian Foods Corporation АҚ басқарма төрағасының орынбасары Иван Колесников айтқандай, Алматы қаласындағы кәсіпорынның өндірістік қуаты жылына 90 мың тоннаны құрайды, оның ішінде соус тобы бойынша — 65 мың тоннадан асады. Ол: «2019 жылдың жазында холдинг құрамына Петропавл сүт зауыты — «Молочный союз» ЖШС кірді. Кәсіпорын 1929 жылы құрылған. «Сүт одағымен» шығарылатын өнім тек аймақпен қатар, басқа өңірлерге де танылм. Қазіргі уақытта кәсіпорынды ауқымды жаңғырту

және ірімшік сұрыпталымын кеңейтуге баса назар аударатын, сүт өнімдерінің сұрыпталымын жаңарту жоспарлануда», — деді.

Eurasian Foods Corporation тұтынушылардың қалауына сәйкес өнімнің сұрыпталымын үнемі кеңейтеді және жетілдіреді. Компания қоржынында 200-ден астам өнім түрі — майонез, кетчуп, тұздық, дәмдеуіш, сарымай және өсімдік майлары, маргарин, дәмдеуіштер, кондитерлік өнімдер бар. Компанияның мақсаты — өнімнің жоғары сапасын және оны өндіру қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Макпал НОҒАЙБАЕВА
Фото: Елена СЕВЕРИНА



Білім

(Басы 1-бетте)

СЫНЫБЫ ЖОҚ, АЙЫППҰЛЫ КӨП ДИРЕКТОР ҚАЙТІП КҮН КӨРЕР?

Осындайда 25 түгілі, 35 немесе 40 баладан қысылып-қымтырылып отырған мектептерге айыппұлдың салынғаны қисынсыз деп айта алмайсыз. Дегенмен, Елорда мектептеріндегі оқушы санының көптігіне байланысты мәселенің бүгін-ертен шешіле қоюы мүмкін емес. Тіпті бірнеше жылдан бері «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасымен өңірлерде жыл сайын жана білім шаңырақтары салынып жатса да, түйткіл түбегейлі шешімін тапқан жоқ.



Айып аркалап, «Қолдау» білім беру мекемелерінің камкоршылар кеңесіне» шағымданған мектеп директорлары қиындықтан шығар жол іздеген. Орталық директорының орынбасары Әсел Сайлаубай: «Қазірдің өзінде бізге 5 мектептің директоры хабарласты. Көмек сұрап жатыр», — дейді. Мәселен, Нұр-Сұлтан қалалық №22 мектепте 3654 оқушы білім алады. Оқушы санының көптігінен екі ауысым түгілі, үш ауысыммен оқитындай жағдайға жеткен. Бірақ мектеп басшылары оған жол бермей, екі ауысыммен қалдырыпты. КТК телеарнасына берген сұхбатында білім шаңырағының басшысы Ботагөз Жүнісова: «Биыл 1-сыныпқа 570 бала қабылдадық. Жалпы бізде 16 бірінші сынып бар. Әр сыныпта 25 түгілі, 35 немесе 40 оқушыға дейін отыруға мәжбүрміз», — деген. Бұл жағдайдан құзырлы министрліктің де хабары бар. Білім және ғылым вице-министрі Бибігүл Асыллова «Елімізде 7 мың мектеп бар. Әрқайсысының мәселесіне назар аударып отыра алмаймыз. Дегенмен, мұндай жағдай қайталанбас үшін Жоғарғы сот пен әділет министрлігі бірігіп, бұйрық шығарамыз», — деп түсіндірді. Ал бақылаушы орган, яғни Нұр-Сұлтан қалалық тауарлар мен қызмет сапасын бақылау департаменті басшысының міндетін атқарушы Саркыт Бейсенова бала саны үшін ғана емес, басқа да тазалық және қажетті құрылғылардың жетіспеушілігіне байланысты айыппұл салғандарын алға тартуда. Ол: «Бала көп болғандықтан, мектеп директорлары сынып ішіндегі ауаның тазалығын тексеріп отыруы тиіс», — дейді. Дәл осы жағдай бойынша Елордада 27 мектепке айыппұл салынды. Мұндайда арбаны да сындырмайтын, өгізді де өлтірмейтін жол керек. Бірақ?..

Жарас ШӨКЕ

Ал, әйтпесе...



ОЙЛАМАҒАН ЖЕРДЕН ҮЙ АЛҒАН

Жамбыл облысында 2017-2018 жылы тұрғын үй көзегінде тұрғандардың тізімін тексеру кезінде кезекте мүлде тұрмаған азаматтардың жалған құжатпен пәтер алғаны белгілі болды, деп хабарлады сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі облыстық департаментінің баспасөз қызметі.

2015-2016 жылдары Тараз қаласында кезекте тұрғандар үшін салынған тұрғын үй болмағандықтан, мемлекеттік қордан ешбір азаматқа баспана берілмеген. 2017 жылы мемлекеттік қордан бөлінген пәтерлерге — 160, бытыр 80 отбасы орналастырылса, биыл 140 отбасы пәтер алды. Кезекте тұрған азаматтардың тізімін зерделеу кезінде биылғы 3 мамырда пәтер алған кейбір азаматтың 2017 және 2018 жылғы кезек тізімінде мүлде жоқ болғаны дәлелденді. Мәселен, 2016 жылғы 30 қыркүйекте кезекке тұрған С.Сегізовке (2017 жылы кезек реті — 1570, 2018 жылы — 1533) 3 мамыр күні пәтер берілген. Осы санаттағы және осындай отбасы құрамымен (5 адам) 2016 жылғы 29 қаңтарда кезекке тұрған Ш.Сейітханов (2017 жылы кезек реті — 1468, 2018 — 1432) мемлекеттік қордан баспана алмаған.

Өмірдің өзінен

Қазіргі таңда көпшіліктің лотерея, ұтыс ойындары секілді түрлі құмар ойындарына әуес болып кеткені туралы айтылып та, жазылып та жүр. Ондайлардың санасын аяқ астынан байып шығатын бос қиял жаулап алған. Олар өртегіде айтылатындай кенеттен байып кетуді армандайды. Мұндай үрдіс әдеттегідей әр нәрсеге еліткіш жастарымыздың арасында қатты өршіп тұр. Осыдан бес-алты айға дейін «мастер-кит», «байлық кілтi» сынды түрлі дискілерді сатып алып, сан алуан компанияларға тіркелу арқылы түк бітірмей-ақ баюдың жолын іздеу қатты бөлең алып кеткен еді. Ол әлі де жалғасуда. Бірақ қазір бұқараның бұдан беті қайтып қалған.

Ессесіне, кейбіреулер қазір бақытты ұтыс ойындарынан, лотерея билеттерінен іздеуде. Олар аспаннан ақша жауатын күнді күтіп, қиял көгінде самғап жүр. Өкінішке қарай, ұйқыдағы халықты оятып, сергітетін, оларға кітап сатып алғызып, рухани кештерге баруға итермелейтін жалғыз құрал — лотерея билеттері ғана болып тұр. Мәселен, өткенде бір құрбыммен сөзге келіп қалдық. Даудың басы — еліміздің белгілі қайраткерлері ұйымдастырған «рухани» форумға сатылған билет. Қолы босамаған соң сол билетті алуына мен көмектескенмін. Бірақ, мен өперген билет сол форум соңында ойнатылатын ұтыс ойынына қатыстырылмайтын болып шығыпты. Осыны естіген құрбымның бұлқан-талқан

ҰШПАҚҚА ШЫҒАРМАЙТЫН ОЙЫН

болмасы бар ма? Сөйтсем, оның көздегені — бір жағынан, руханиятқа сусындай отырып, екінші жағынан, пәтер, автокөлік немесе басқа да бағалы сыйлықтарға ие болу екен. Яғни «бір окпен екі қоян ату».

Әлгі форум билеттерінің ең арзаны 10 мың теңгеден басталады. Жарнамасы бірнеше апта бұрын басталып, билет аса үлкен белсенділікпен сатылғанына өзім куә болдым. Құрбым бұған дейін де әртүрлі ұтыс ойындарына қатысқанын, бірақ осы күнге дейін бірде-бір ұтысқа ие болмағанын айтып қынжылды. Менің құрбым — оңай олжаға кенелуді көздеген бүгінгі қазақ қоғамы айнасының, бір ғана мысалы. Мұндайлар мыңдап, тіпті миллиондап жетіп артылады. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, осыған дейін де замандастарымыздың бірі — психологиялық тренингке жүгініп, жеңіл ақша табудың жолын үйренсе, екіншісі — сондай тренинг өткізу арқылы жеңіл жолмен ақша табу үрдісі белен алып еді. Жалпы адамдар неге осындай оңай табыс көзіне үйір? Негізінен, бұған еліміздегі әлеуметтік жағдайдың себеп болып отырғаны белгілі. Алайда бұған дейін талай құқайды көрген қазақ, сонда да тәубесінен аттамай, барына қанағат қылып келді емес пе? Ендеше, біз осылай қанағатсыз, мандаймызды терлетпей-ақ баюға неге үйір болып алдық? Ондайларды қазекем «Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен» жүретіндер деп, оңай олжаға құмарлықты онша ұнатпаған.

Олай болса, осы лотерея ойындарын қадағалап отырған қандай да бір ұйым немесе мемлекеттік орган бар ма деген сұрақ өздігінен туындайды. Ондайлардың тірліктері қаншалықты заңды? Негізінен, еліміздегі «Лотерея және лотереялық ойындар» туралы заң бойынша, жеке тұлғалар немесе компаниялар қандай да бір лотереялық ойын ұйымдастырамын десе, «Сәтті Жұлдыз» АҚ-на өтініш жасап, екіжақты келісімшартқа отыру керек екен. Өйтпеген жағдайда, бұлардың бәрі заңсыз болып есептеледі.

«Сәтті Жұлдыз» АҚ-ның баспасөз хатшысы Әсемгүл Сыздықова Jas qazaq-қа берген сұхбатында «Негізінде, ондай заңсыз әрекеттерді қадағалау мемлекеттік құзырлы органдардың міндеті болып табылады. Міне, қазір

айналдырған бір аптаның төңірегінде біздің қоғамға дәл осы мәселемен қазақ тілді БАҚ өкілдері хабарласып жатыр. Яғни сондай лотерея ойындарына қатысушылардың басым көпшілігі қазақ тілді аудитория. Бұл жалпы әлемде бар үрдіс. Алайда біз қандай да бір жеке тұлғалар мен компаниялардың ойындарына көңілі толмаған азаматтар өз құқығын еш жерде қорғай алмаймыз. Себебі олардың өздері заңсыз әрекетке барған болып саналады. «Лотерея және лотереялық ойындар» туралы заңда «Сәтті Жұлдыз» АҚ-мен келісімшарт жасасқан лотерея ұйымдастырушыларының одан кейін нақты қандай іс-әрекет жасайтыны жазылмаған. Бұл — осы заңның осалдығы. Осы уақытқа дейін бізге өздерінің құқығын даулаған азаматтар көптеп хабарласты. Алайда олар қатысқан ұтыс ойыны мен өздерінің іс-әрекеті заңсыз болып табылғандықтан, біз оларға ешқандай көмек көрсете алмадық. Осы тұста айта кететін тағы бір мәселе — коммерциялық компаниялар өнімін жарнамалап, өздерін дамыту мақсатында «бір шоколад алсан, мынадай ұтысқа ие боласыз» деген секілді, жарнамалық ойын ұйымдастырса, бұл заңсыз болып табылмайды», — деп, ұтыс ойынының қыр-сырын түсіндірді.

Негізінен, «Сәтті Жұлдыз» АҚ 2017 жылдың 10 ақпанында үкімет қаулысымен Қазақстандағы ресми оператор болып таңдалған. Байқап отырғанымыздай, халықтың санасын жаулап, әлеуметтік желі арқылы ақша табушылардың бірде-бірі мемлекетке ешқандай салық төлемей отыр.

Соңғы уақытта өнер жұлдыздары мен танымал тұлғалар лотерея ойындарының сан алуан түрін ұйымдастырып жүр. «3000 теңгеге билет сатып алсаңыз, кемінде 30 миллион тұратын қымбат көлік ұтып аласыз» деген секілді сан алуан жарнамаға еліткен жастар сондай парақшалар мен оларды

жүрген «Ислам насихат», «Имандылық нұры» сынды парақшалар да көлік пен пәтер тігілген ойынға шақырады. Тіпті Умра қажылығына дейін ойнатылып жүргеніне куәміз. Бұл мәселеге дініміз қалай қарайды?

Осы сауалымызды Алматы қаласы Орталық мешітінің наиб имамы, ҚМДБ ғұламалар кеңесінің мүшесі Ерcін Әміреге қойдық. Jas qazaq-тың сұрағына берген жауабында, ол «Бұл мәселені бірнеше тұрғыдан қарастыруға болады. Біріншісі, қандай да бір адам ақша төлеп ұтысқа қатысатын, қатысуға құқық беретін билетті (лотерея) сатып алады. Яғни тек қана соған қатысу үшін ақша төлейді. Ақша төлеп, оның ессесіне ешқандай тауар сатып алмайды. Тек қана сол ойынға қатысу құқығын алады. Бұл — шариғатымызда харам болып саналады. Бұған дінімізде рұқсат жоқ. Екіншіден, қандай да бір адам бір затты сатып алуға ақша төлейді. Бірақ дүкен немесе супермаркет тарапынан, яғни тауар иесі тарапынан ойын ойнатылады. Кімде-кім белгілі сондай сауда жасайтын болса, ол да ұтысқа қатысушылардың қатарына кіреді. Сөйтіп уақыты келгенде оның да билеті басқа ойыншылармен бірге ойнатылады. Мұндай жағдайда, ғұламаларымыз бұны да харам ойын қатарына жатқызады. Мәселен, сіз сатып алған тауар негізгі бағасынан қымбатқа сатылуы мүмкін. Демек, ол да харам деген сөз. Айталық, сіз алған тауардың құны базарда немесе басқа да сауда орындарында 2 мың теңге делік. Бірақ ұтыс ойынын ұйымдастырып жатқандар

оны 3 мың теңгеден сатып жатыр. Сіз 3 мың теңге төлеп сатып аласыз. Яғни 2 мың теңгені тауарға төлейсіз, ал 1 мың теңгені әлгі ойынға қатысу үшін төледіңіз. Егер осылай бағасын қымбаттататын болса, ойынға қатыстыру үшін дүкендегі, базардағы бағасынан қымбат етіп ұйымдастыратын болса немесе соны

жүргізетін тұлғалардың табынушысына айналып болды. Көктен іздегені жерден табылған сондай жұрт белі талып енбек істемей-ақ мал табуға шындап кіріскен сынайлы. Мәселен, ұтыс ойындары онлайн режимде ойнатылатын күні жұмысынан сұранып, үйіне қайтып телефонға телмірген қаншама таныстарым бар. Сондайда, жұрттың бәрі жұмысты тастап, жаппай лотерея қорытындысын аңдуға кіріскендей әсер қалдырды маған. Ұтыс ойнатып жүргендердің де көздегені ақша екені даусыз. Олар ұтыс билетін сатудан түскен ақшамен өздері тіккен ақшалай немесе заттай жүлденің ақшасын екі-үш есе қып өндіріп алады. Осындай құмар ойынының жарнамасы жасалып, халықты құлақтандыратын жер — инстаграм, фейсбук сынды әлеуметтік желі.

Жұртты жарылқаушы әртістермен бірге, халыққа әжептәуір ақыл айтып, имандылық пен сауапты іске шақырып

Розыгрыш призов в



Нүргүл ЖАМБЫЛҚЫЗЫ

Өңір

(Басы1-бетте)

Бұған дейін ешкімнің 613 мың гектар егістік алқаппен, 490,2 мың гектар жайылымдық жермен жұмысы болмағандығын айта кетуге тиістіміз. Бүгінгі күні Ақмола облысында ауыл шаруашылығы және басқа да мақсатқа арналған жер телімін бөлуде занбұзушылық жиі кездеседі. Соның салдарынан ел ішіндегі жайылымдық жер өбден тозып, мал жаюға жарамсыз болуға жақын.

Жайылымдық жердің тозуының себебі әріде жатыр. Жоспар қуалаған кешегі кеңестік заманда егістік алқаптың көлімін көбейтуді мұрат тұтқан колхоз-совхоз тоқымдай жер қалдырмай, табалдырыққа дейін жыртып тастады. Міне, осындай жоспар қуалаудың жөн-жосықсыз жарысы Арқадағы түгін тартсан майы шығатын жайылымды, түкті кілемдей құлпырып жататын жайлауды тоз-тоз етті.

Мал бағасы өскелі ел ішіндегі малсақ қауым төрт түліктің басын көбейтуге барынша ынталы. Өйткені, соңғы жылдары мал өнімі, оның ішінде ет біршама қымбаттап, азын-аулақ мал ұстаған ағайынның бейнеті өтеле басталды. Ендігі орайда, қолда бар мал тұқымын асылдандыру, оның ішінде сіңіре будандастыру арқылы тұқымын жақсарту өте маңызды шаруа екендігі белгілі болып отыр.

Мал басы көбейгеннен кейін, оны жаятын жайылым керек-ақ. Жайылымдағы шөп көнекөз қариялардың пайымдауынша, үшке бөлінеді. Өліқау, ақ от және қара от болып. Бұрынғы даланың данышпандары шөптің атасы имажоңышқа, беде дейді екен. Беденін астық қуаты ересен болғанымен, қауіпті жағы да бар. Беде қалың өскен жайылымға жауыннан кейін мал жаймайды. Жайса іші кеуіп, жарылып өледі. Сондықтан жайылым кепкен соң ғана мал жайса керек-ті.

Еңбек ардагері Болат Адырбаев «Мен ұзақ жыл даланың тынысымен тыныстап, қабілетім жеткенше сырын ұғуға тырыстым», — дейді, — Әрине, біздің көргеніміз бергі дауыл. Егістік көлемін ұлғайтамыз деп жүріп, ауыл елдің онсыз да аз малына тиесілі жайылымының азайғаны рас. Қойды, сиырды, жылқыны тоқымдай жерде топырлатып, иіріп баққан соң тақырға айналмағанда несі қалсын? Бірақ қой мен жылқы жайылған жерде сиыр жая алмайтынынды анық айта аламын. Өйткені, қой мен жылқының тісінің бітімі бөлек. Олар шөпті тамырына дейін қопарып жей алады. Ал тақырланған жайылымдағы қылтанақ сиырдың тіліне ілікпейді. Біздің төніректің қарияларының айтуына қарағанда, қой жайған жерге сиыр бағуға болмайды. Өйткені, бұрынғының көпті көрген даналары мұндай жағдайда жұқпалы ауру тарайды деп есептеген. 1980 жылдардың орта шенінде Жезқазған облыстық тәжірибе стансасында шыралжын, изен, бозғанақ, тарлау тәрізді өсімдікті ауыспалы егіс жүйесімен өсіріп, кейін басқа облысқа таратқан болатын. Бұрынғы Көкшетау облысының Айыртау, Рузай аудандарының бірқатар алқаптарына да осы тәрізді екпе шөп егілді. Кейінгі жылдары екпелі шөп алқабы тозып, өспей қалды. Уақытылы күтімгендіктен.

Ендігі арада елдегі малдың басын көбейту үшін ең керегі біздің ойымызша — жайылым. Ауылдық округтерге қарасты жайылымдық жер жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер мен жекеменшіктің қолындағы мал басына шақталып, белгіленген ережеге сәйкес бөлінуі керек. Содан соң бос жатқан, қурай басқан алқапқа екпе шөп егілсе, нұр үстіне нұр. Ел ішіндегі көпті көрген көнекөз қариялар айтады, ойдым-ойдым қайын шоқтары көмкерген Сандықтау, Атбасар аудандарының Есілге дейінгі кең көсілген жайылымында мия,

бозғанақ, бұйырғын, тобылғы, бозжусан, қоныржусан, жержусан, көкпек, балықкөз, тұзжапырақ, ажырық, қарашағыр, ақ шағыр, қарғатұяқ, қонырбас, ақселеу, кәрікыз, түйежапырақ, бөйшешек, қияқ, бидайық, қамыс, ұшхат, тораңғы, алабота, шоңайна, қоға, ши, қазоты, бетеге, есекмия, мендуана, шырғалжық, қымыздық, атқұлақ, райхан, ебелек, жуа, баялыш, теріскен, қараған, ошаған, таспажоңышқа, шырмауық, қараөлең, құлаңшайыр, бұйрашайыр, изен, айырауық, текесақал тәрізді төрт түлік мал аса сүйсініп жейтін өсімдіктер ұшырасқан екен. Бүгінгі жұрт осы шөптердің өзі түгіл атын да білмеуі мүмкін. Мал басын көбейтуге бел буып отырған бүгінгі таңда жаңа агроинновациялық саланың қарқынды дамып, айтарлықтай өнім алуы, алған өніммен толайым елді қамтамасыз етуі үшін өсімдік шаруашылығын түбегейлі зерттеп, оның өнімді, пайдалы түрлерін тозып кеткен жайылымдық жерлерге ауыстыруы қажет. Онда да жерсініп өсетіндерін. Дәл осындай ізгі кадам жасалса, бірер жылдан соң Есілдің екі жағалауындағы иен елдің жайылымы жайқалып шыға келеріне кәміл сенесің. Жыл өткен сайын

малдың өзін-өзі ақтауы қиын. Мамандардың айтуына қарағанда, сіңіре будандастырылған асыл тұқымды мал он сегіз айдың ішінде тірілей салмағы 400 килограмдық межеге жету қажет. Одан ұзактау бақса, өзіндік құны қымбаттап кетеді. Ал жекеменшік шаруаның бұл деңгейге жеткізе алатындығы күмән туғызады. Өйткені, оның малға берер жем азығы сайма-сай емес. Шындығын айтқанда, шөптен басқа мал көрегі бар ма? Оның өзі шықса жақсы.

Жайылым мен жайлауды қалпына келтіру үшін екпе шөпті молынан егу керек. Жалғыз амалы сол ғана. Облыста 10801,0 гектар жерге арпабас және судан шөбі тәрізді бір жылдық және көп жылдық шөп еккен Жаксы ауданы, 10390,0 гектар алқапқа екпе шөп сепкен Атбасар ауданы бұл тараптағы жұмысты біршама оң жолға қойған. 870 гектар жерге ғана шамасы жеткен Қорғалжын, 2774 гектарға ғана қауқары жеткен Жарқайың ауданында бұл жұмыстың сылбыр екендігін атап айтуға тиістіміз.

Тозған жайылымды қайта түлетуге шағын шаруа қожалықтарының қауқары жете бермейді. Өйткені, екпе шөптің тұқымы қымбат. Түріне орай бір тоннасы — 300-350 мың теңге көлемінде. Қазіргі күні облыста «Заречный», «Журавлевка», «Дикан-4» тәрізді оннан астам жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері айналысады. Соңғы жылдары екпе шөп тұқымына деген сұраныс артып келеді.

Ақмола облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Димаш Таласбаев «Бұл мәселе біздің тұрақты

брифингінде көтерді. Біздің де көкейде жүрген тақырып еді. Ауылды көтеріміз деп нәтижесі жоқ даурығудан осы ұсыныс өте тиімді. Бірақ, өкінішке қарай, ақсап тұр. Мәселен, Ақмола облысында 6841 ауыл шаруашылығы құрылымдары болатын болса, оның 120-ы ғана мал ұстайды екен. Егер барлығы демей-ақ қояйық, жоғарыдағы ірі акционерлік қоғамдары мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің жартысы ғана мал бақса, бұл қолда шанырағы ортасына түсіп, соңғы қазығын суырып жатқан ауылдардың тамырына қан жүгірер еді. Ал ірі шаруашылық дегеніміз — 1586. Шаруа қожалықтары - 5255.

Зеренді ауданындағы «Құлан» шаруа қожалығының басшысы Құлан Болатов «Ауылда тұрған соң мал да бағып, егін де егіп көрдік. Біздің жақта қыс ұзақ болғандықтан, мал шаруашылығын дамыту өте қиын. Табыс болу үшін тауарлы сүт фермасын ұйымдастырса, дұрыс болар еді. Сүт дегенініз — күн сайын қалтана құйылып жататын қаражат қой. Бірақ ол үшін сауын сиырды сатып алатын ақша керек. Мал қорасы, сауын аппараттары деген тәрізді қажеттіліктері толып жатыр. Бастапқы қаражат та таба алмай отырмыз. Егін шаруашылығынан түскен табыс жыл сайын техниканы жанартуға кетеді. Несие алайын десен, ауылдағы адамға кепілдік қайдан табылады. Міне, осылай тығырыққа тіреліп отырған жай бар», — делі.

Шаруа қожалықтарының қолын байлап отырған кеселден ауыл шаруашылығы басқармасының басшылары да хабардар.

САРЫАРҚА КЕҢ ЖАЗИРА, ӨТТЕҢ, ЖАЙЫЛЫМ ТАР



Басқарма басшысы Димаш Таласбаевтың айтуына қарағанда, әсіресе шаруасы шағын қожалықтар ынталы. Бірақ бөрінің түйткілінің тірелетін жері осы несие алу.

Ақмола облысы Нұр-Сұлтан қаласын азық-түлікпен қамтамасыз ету белдеуіндегі ең негізгі облыс. Соңғы он жыл ішінде жалпы құны 138 миллиард теңгені құрайтын 148 жоба жүзеге асырылды. Әйтсе де, өзге азық-түлік түрлеріне қарағанда, сүт пен етті молайту әлі де жетімсіз. Талпыныс бар. Мәселен, бес ірі тауарлы сүт фермасы 7200 бас сиыр сауып отыр. Сүт өнімдері Нұр-Сұлтан қаласының 44 сауда нүктесіне жеткізіледі. Бірақ, өкінішке қарай, қала тұрғындарының қажеттілігінің 34 проценттен астамы ғана қамтамасыз етуге қауқарлы. Биылғы 11 айда 26,7 мың тонна ет және ет өнімдері сатылды. Бірақ ет және ет өнімдеріне деген сұранысты 30 процент шамасында ғана жауып

отыр.

Ет пен сүттің молшылығын жасаудың жалғыз жолы — барлық ауыл шаруашылығы құрылымдарын жалғыз егімнен ғана емес, мал шаруашылығымен де шындап айналысуға міндеттеу. Бұл үкімет деңгейінде шешілетін шаруа. Өзініз ойлап қараңыз, ірі шаруашылықтар егін егетін жермен бірге жайылымдық, шабындық жерлерін қоса алады. Бірақ мал бағуға құлықсыз. Егер мал бақса, ауыл тұрғындарына қысы-жазы жұмыс болар еді. Малшы, сауыншы дегендей. Тұрақты табыс тапқан соң өкпе-наз да айтылмайды ғой. Бірақ осы мәселе қанша жылдан бері назардан тыс қалып келеді.

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

Бағдар

Қазіргі таңда мемлекеттік көрсетілетін қызметтермен байланысты мәселелер өте көкейтесті болып тұр. Бұл түлінді шешу бір мезетте бірнеше белесті еңсеруге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді дамытуда негізгі үш бағытты бөліп көрсетуге болады: Айталық, мемлекеттік қызметтерді алу үрдісін оңтайландыру және мемлекеттік қызметтерді көрсетудегі ашықтық; мемлекеттік қызметтерде цифрлық технологияларды қолдану, қызметтерді ұсыну мен алу барысын автоматтандыру; Азаматтардың сана-сезімін жаңғырту.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету өзінің даму барысында бірнеше сатылардан өтеді. Ең бастысы, мемлекеттік қызметтерді алушылар үшін жайлы жағдайларды ұйымдастыру. «Сервистік әкімдік» жобасы осы мәселені шешуге бағытталған. Себебі аталған ғимаратта мемлекеттік қызметтерді алушылар үшін барлық жағдайлар жасалған: күту залында ыңғайлы орындықтар, кондиционер, ауыз суға арналған диспенсер мен ақпараттық теледидар орнатылған. Өзін-өзі қызмет көрсетуге арналған бұрыш та ұйымдастырылған. Онда үстел, орындық және интернетке қосылған дербес компьютер қойылған. Қысқасы, тұрғындар үшін бәрі бар.

«Сервистік әкімдік» жобасы аудандарда да жүзеге асырылуда. Мысалы, Ақсу, Райымбек аудандары мен Талдықорған қаласында аталған жоба ілгері сатыда жүзеге асырылуда. Ақсу ауданында «Сервистік әкімдіктің» қағидаларына бейімдеуді көздейтін аудандық мемлекеттік органдар орналасқан әкімшілік ғимаратын күрделі жөндеу үшін қаржы бөлінді.

Райымбек ауданында әкімшілік ғимарат салынуда, аталған ғимарат «Сервистік әкімдіктің» қағидаларына бейімделеді. Талдықорғанда жеке ғимарат бөлінді.

Мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруда мамандардың алатын орны маңызды. Азаматтар да қызмет сапасын арттыруға белсенді араласуы қажет. Қазақстандықтардың сана-сезімін жаңғыртуға, әлемнің дамыған елдерімен интеграциялануға және мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған латын әліпбиіне көшуді қолдау мақсатымен, жоғарыда

аталған «Сервистік әкімдік» ғимаратындағы мемлекеттік тілдегі барлық жазулар латын графикасымен жазылған.

Мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі денсаулық сақтау саласында (3 171 258 қызмет немесе 32,5%), полиция департаментінде (1 550 748 қызмет немесе 15,9%) және мемлекеттік кіріс органдарында (1 373 536 қызмет немесе 14,1%) көрсетілген. Сонымен қатар Алматы

қызметтерді электронды нысанда алуды насихаттау жұмыстарын жандандыру қажет. Бұл мәселені шешу үшін департамент көптеген шаралар жүзеге асырылуда. Негізгі екпін ауылдық округ тұрғындарына қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Азаматтардың цифрлық сауаттылығын арттыру мен мемлекеттік қызметтерді алу барысында қолайлы жағдай жасау мақсатында департамент

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ АРТТА ҚАЛМАЙДЫ



бастамасымен облыс көлемінде 2045 (6 айдың қорытындысы бойынша 1211) өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы ұйымдастырылды. Оның ішінде 251 өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы ауылдық әкімдік ғимараттарында орналастырылған.

«Өзіне-өзі қызмет көрсету» бұрыштары арқылы биылғы 9 айда 296 308 (6 айдың қорытындысы бойынша 76 857) мемлекеттік қызмет электронды нысанда алынды.

Облыстың денсаулық сақтау салаларындағы көрсетілетін мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру және тұрғындарға насихаттау мақсатында облыстың аудан/қалаларының медициналық орталықтарында —24, ауылдық округтердің 198 медициналық мекемелері мен дәрігерлік амбулаторияларында «Цифрлық пост» құрылды. Осылар арқылы жедел түрде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік қызметтерді pngov.kz мобилді қосымшасы арқылы алуға болады. Олардың ішінде: дәрігерді үйге шақыру, дәрігердің қабылдауына жазылу, алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға тіркелу сияқты қызмет бар.

Сонымен қатар аталған посттарда азаматтар онлайн режимде «Электрондық үкімет» веб

порталымен жұмыс жасауға үйренеді. Бұл өз кезегінде жергілікті халықтың, әсіресе ауыл тұрғындарының цифрлық сауаттылығын арттыруға көмектеседі.

Қызмет алушыларға жайлы жағдай жасау үшін облыс әкіміне және аудан/қала әкімдеріне «Сервистік әкімдік» жобасын жүзеге асыру туралы ұсыныс жолданды. Жоба Елбасының «Ұлт жоспары — 100 нақты қадамында» көрсетілген ашық және есеп беруші мемлекет бөлігіндегі тапсырмаларын орындау мақсатында іске асады.

2018 жылы сәуірдің 13 күні Қаратал ауданының Үштөбе қаласында «Сервистік әкімдік» ғимараты салтанатты түрде ашылды. Ғимаратта аудандық құрылыс, жер қатынастары, білім бөлімі, Үштөбе қаласы әкімдігінің қызметкерлері мен жұмыспен қамту орталығының өкілдері орналастырылды.

Бүгінгі күні биыл 9 айда «Сервистік әкімдік» арқылы 8 768 мемлекеттік қызмет көрсетіліп, 1 368 жергілікті тұрғынға мемлекеттік қызметті электронды нысанда алу бойынша дәрістер өткізілді. Аталған жоба Көксу ауданында да іске асырылды

Қазіргі таңда «Сервистік әкімдік» және фронт-офис жобасы облыстың басқа да аудан-қалаларында жүзеге асыру жоспарлануда. Атап айтсақ, Талдықорған қаласында және Ақсу, Райымбек аудандарында аталған жоба ілгері сатыда жүзеге асырылуда. Мысалы, Ақсу ауданында «Сервистік әкімдіктің» қағидаларына бейімдеу бойынша аудандық әкімшілік ғимаратында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар Райымбек ауданында әкімшілік ғимаратының құрылыс жұмыстары жүргізілуде, аталған ғимарат «Сервистік әкімдіктің» қағидаларына сәйкес, Талдықорған қаласында фронт-офисіне арналған ғимарат белгіленіп, жөндеу жұмыстары аяқталған және құрал-жабдықтар сатып алынуда. Осы орайда, департамент мемлекеттік қызметтерді электронды нысанда алуға көшу, осы салада цифрлық және жаңа технологияларды енгізу жұмыстарын жастардың қатысуымен жүзеге асыруда. Бұл үрдіс болашақта да өз жалғасады.

Бауыржан СЕЙІТОВ,
мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызмет көрсету басқармасының бас маманы

VII Дүниежүзілік Ислам экономикалық форумында Елбасы қазіргі ислам әлемі бетпелі келіп отырған үш стратегиялық жағдайды атап берген болатын. Әуелгісі, инерциялы даму стратегиясы. Екінші стратегия – қазіргі қоғамның құрылымдарын жоққа шығарып, өткенге түбегейлі қайта оралу үрдісіне негізделген. Бұл жағдай кейде осы заманғы саяси және экономикалық ахуалдың нормаларын да толық жоққа шығарады. Ал үшінші стратегия ислам әлемін модернизациялауға бағытталған.

Ислам әлемінде бәсекеге қабілеттіліктің жоғары үлгісін көрсетіп отырған елдер де бар. Десе де, мұсылман елдері айтарлықтай жаңғыртудан өтуі тиіс.

«ҒЫЛЫМ АРҚЫЛЫ ТАНУ КЕРЕК»



Баласағұн қаласы

Енді исламның жер бетіне таралуындағы негізгі міндетіне келер болсақ, мұның мәні тереңде жатыр. Ислам мұсылман қауымының ғана емес, бүкіл адамзаттың соңғы иләһи діні. Ол ғалам атаулының дара иесі ретінде Алла тағалаға бас иіп, соңғы елшісіне құлақ салдыру арқылы, Адам ата мен Хауа анадан таралған күллі адамзатты бауырластық құшағына тартады.

Жер бетінде бейбітшілік пен тыныштық орнату. Исламның мәні осында жатыр. Адамзат көшін дұрыс бағытқа бұруда, адамдық қасиеттерден ажырамай ғұмыр кешуде, өмірдің ақиқаты мен шындығын тануда ислам тағлымдарының берері мол. Сол себепті исламға салт тұрғысынан қарасақ, діннің мұраты толық ашылмайды. Бұл жерде кең көзқарас керек. Кейбір сыншылар ислам дүниесінің көп бөлігінің басқа аймақтардан артта қалуын діннің өзімен байланысты деп санайды. Бұл ақиқаттан мүлде алыс тұжырым.

Орталық Азия жеріне келген ислам діні — түркі халықтарының жанаша рухани өрлеуіне жол ашты. Ортағасырлық мәдениетіміз бен әдебиетімізге ислам айшықты із қалдырды. Түркі ойшылдары шығармашылық ізденістерінде ұлттық негіздермен қатар, ислам құндылықтарына да иек артып отырды. Ортағасырлық қазақ жеріндегі Отырар, Кердер, Түркістан, Сауран, Сығанақ, Жент, Баласағұн, Сайрам (*Исфижаб*), Тараз, Меркі сынды мәдениет пен ғылым ордалары бұқараға бағыт-бағдар сілтеді.

Осы жерде ортағасырларда шыққан әл-Фараби мұраларын, Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» (*Түркі сөздерінің жинағы*), Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік», Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» (*Ақыл кітабы*), Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих және Рашиди», «Жаһан наме», Ахмед Йүгінекидің «Хибатул-хакаик» (*Ақиқат сыйы*), Сүлеймен Бақырғанидың «Бақырғани кітабы» еңбектерін мақтанышпен атап өту парыз.

Еске түсірейікші, екінші ұстаз ретінде әлем мойындаған «Әбу Насыр Әл-Фараби өзінің «Философияның дінге қатысы» атты еңбегін қалай бастаған еді? «Мейірімді, мейірман Алла үшін...» деген сөздермен. Неге? Себебі күллі жаратылыс иесі — Алла. Құран сөздерін логикалық тұрғыда пайымдаған ғұлама дүниедегінің бәрі түсіндірілуі тиіс екендігін және дүниедегінің бәрін түсіндіруге болатынын көрсетеді.

Яғни түйін бір. Ислам — өркениеттің, құндылықтардың діні. Мәселе біртұтастықты үзеуде.

Ардақты Мұхаммед пайғамбарымыз бір хадисінде «Сендерге екі нәрсе қалдырып бара жатырмын. Содан айырылмасаңдар, аласпайсыңдар. Олар — Құран мен сүннетім» деген еді.

Исламның «Оқы!» деп келген алғашқы бұйрығы ғаламды зерттеуді, зерделеуді де білдіреді. Мұсылмандардың сіз айтқан өркениет жібін үзіп алуындағы басты себептердің бірі осында жатыр.

Ислам тұрғысынан ғалам — Жаратушының шебер туындысы. Ол туындыны мұсылмандар әр ғылым саласы арқылы зерттеуі тиіс болатын. Асылында, ғылымның қай-қайсысы да мұсылманның іздеп жүрген мүлкі. Міне, осы түсініктен айырылмай, мұсылмандар ғылыми ізденісін жалғастыра бергенде, бүгінде біз ортағасырдағы жетістіктерімізді ғана айтып мақтанбас едік.

Ғылым — Батыс пен Шығыстың ортақ қазынасы. Оның дамып, бүгінгі күнге жетуіне мұсылман ғалымдардың қосқан үлесі аз емес. Яғни мәселе дін мен ғылымның біртұтастығын үзеуде. Дінді дұрыс пайымдаған жағдайда ғылымның есігін ашылады.

Дін адамды білімге қарсы қоймайды, адамның ізденістеріне тұсау салмайды. Бірақ позитивистік және материалистік теориялар ғылым мен ойлау жүйесін толығымен түмшалап алды.

Басқаша айтқанда, ақиқаттың ғылымына бастайтын жолдар тарылды. Барлық нәрсені материямен, табиғатпен байланыстырып қойлық та, метафизикалық түсіндірулер толықтай ысырылды. Анығында, атоммен бірге субатомдық және макроатомдық әлемдер де зерделеніп, ықтималдықтарға орын берілуі қажет еді.

Осы жерде Майлықожа ақынның «Шеберді шебер дегенше, Алланы шебер десейші» деген сөзі еске түседі. Мұсылмандар Алла тағаланы білім, ғылым арқылы тануға тырысуы тиіс. Сонда барып иман еліктеумен шектелмей, шынайы тақхик иман дәрежесіне ұласады. Бүгінгі күні жасалуы керек маңызды істің бірі осы. Яғни жастарға жаратылыс пәндерін оқытып, оған діндегі имандылық пен тәрбиелікті ұштастыра білу.

Діннен хабарсыз болу адамды сауатсыз дүмше етсе, дінде тым оғаш қылққа, әсіреліктерге барудың соңы — көзсіз фанатизм. Осы себепті дінді дұрыс пайымдаған жағдайда ол адамға ғылымның да есігін ашады. Өйткені, ислам білімді кісінің дәрежесін әрдайым жоғары қояды.

Қасиетті Құран аятты білімділер мен білімсіздердің тең бола алмайтынын

назарға ұсынады. Бүгін кейбір мұсылман ғалымдар миға ғылым, жүрекке руханият, имандылық керектігін айтып, осы бағытта қатар жұмыс істеу керектігін түсіндіруде. Алаш зиялылары да өз заманында мұсылман жұртына білімді болу үшін — оқу, бай болу үшін — кәсіп, ауызбіршілікте болу үшін ынтымақ керектігін дәріптеуден жалықпаған. Осы себепті діни білім мен әлеуметтік ғылымдар арасындағы жоғалған байланысты ғылымға жанаша көзқараспен қарау арқылы, сапалы білім беру мен саналы тәрбие беру ісін жұмыла қолға алу арқылы қайта жалғауға болады.

Бас мүфти «Рухани карта» жасаудағы ойын тарихтан тағылым алумен үндестірген еді. Яғни тарихи тұлғалардан тәлім көрген ұрпақ — дін мен дәстүрді үйлестіре біледі. Осылайша, өнегелі өмір сабақтастығын қалыптастырады.

«Бұл бастама тарихшы ғалымдар мен дін ғұламаларының Жібек жолы тарихын ғұбраттың көзімен қайта зерттеуін қажет етеді», — дегені есте.

Расында, біз айтып отырған ислам өркениеті мәселесін Бас мүфти айтқан «Рухани картамен» сабақтастыруға келеді. Жібек жолы бойында орналасқан Отырар, Тараз, Сайрам, Түркістан, Суяб, Баласағұн және тағы да басқа қалалар кезінде сауда қатынастарын өркендетіп қана қоймай, мәдениет және ғылым

Сайрам қаласы



ошақтары рөлін де қатар атқарды. Бұл қалалардан небір мұсылман ойшылдар мен ғұламалар шықты. Олардың тұлғасы мен еңбектері әлі де зерттеуді қажет етеді.

Бүгінгі күні қазақ тарихы қайта жазылуы тиіс деген идея тарихшылар тарапынан батыл көтеріліп жүр. Себебі төл тарихымыздың жазылуына кезінде түрлі саяси жағдайлар кері әсер еткені белгілі. Осының аясында Жібек жолы тарихы да өз деңгейінде қайта сараланса, толықтырыла зерттелсе, көп ақиқат әлі де ашыла түсер еді.

«Рухани жаңғыру» тұрғысынан оның бүгінге дейін бергенінен әлі де алда берері мол екеніне еш шүбә келтірмеймін. Осы себепті Бас мүфти ұсынысы отандық тарихшылар мен зерттеушілер тарапынан қолдау табуы тиіс.

Алтынбек
ҰТЫСХАНҰЛЫ,
Атырау
облысының
бас имамы



ШАРТАРАП

Көшпенділер Бурсаға барады



«Түркі халықтарының IV дүниежүзілік көшпенділер ойыны биыл Түркияның Бурса қаласында өтеді», — деп хабарлады «Анадолы» агенттігі.

Жастар және спорт министрі Мұхаррема Касапоғлы осыған дейін Қырғызстанда үш рет өткен көшпенділер ойынының түрік жерінде жалғасатындығына ризашылық білдірді. «Бұл шара өте маңызды, сондықтан да ол жоғары деңгейде өтуі тиіс», — деді ол.

Хиуа - түркілерді шақырады




Өзбекстанның Хиуа қаласы 2020 жылғы түркі әлемінің мәдени астанасы болып жарияланды.

Бұл туралы ТҮРКСОЙ бас хатшысы Дүйсен Касейінов хабарлады. Ол: «Өзбекстан президенті Шавкат Мирзияев түркі тілдес мемлекеттер басшыларының саммитінде 2020 жылы түркі әлемінің мәдени астанасы ретінде ежелгі, тарихи Хиуа музей қаласын жариялауды ұсынғанын жеткізді.

Көршіміз кілемін ұсынды

Біріккен
Ұлттар
Ұйымындағы
Түркіменстан
өкілдері
ЮНЕСКО
мұралары
тізіміне ұлттық
кілемдерін
қосуды ұсынды.



Түркімен кілемі әлемдегі қымбат қазына қатарына жатады. Қолөнері жақсы дамыған мемлекеттің мұралары қатарындағы кілемдер әлемдік мұралар тізіміне енгізуге лайықты.

Көмір құртып барады



Мадридте «Іске кірісетін уақыт жетті!» деген ұранмен өтіп жатқан БҰҰ-ның климаттық өзгеруіне арналған XXV халықаралық конференцияда әлемде қоршаған ортаның жыл сайын өзгеріп жатқаны сөз болды. Бұл туралы 24.kz арнасы хабарлады.

БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш әлем елдерін көмірден бас тартуға шақырды. Ол: «Құр айтып қана қоймай, сөз бен іс қабысуы тиіс. Барлық саясаткерлерді іске білек сыбана кірісуге шақырамын», — делі.

Интернет игілікке айналды



Интернет арқылы тауар мен қызметті пайдаланушылар жағынан еуропалық елдер көш бастады. Олар интернет пайдаланушылардың 80 пайызын құрайды.

«Үздік ондыққа» еуропалық емес елдерден тек Сингапур мен Австралия енді.

2017 жылы электрондық коммерцияның жаһандық нарығы 22 пайызға өсіп, қаржы айналымы 3,9 трлн долларға жетті.

ФотоШОК



Фото: tass.ru

Фото: alym.ru

Санкт-Петербург. Алапат өрт



AINA

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



БААА БҒЕЙНЕ

1941-1945 жылдардағы соғыс алдында дүниеге келген бізде бейқам балалық шақ болмады. 1-сыныпты бітірісімен мен де колхоз

(ұжымшар) жұмысына жегілдім.

Мектепте соңғы қонырау соғылған күннің ертеңінде сынып жетекшіміз Жұмағұл аға Токатаев бізді — 11 баланы жинап алып, ауылдан 5 шақырым жердегі егістікке апарып, онда жүрген 4 апайға тапсырды. Апайлар — өзіміздің ауылдағы келіншектер. Олар бізді бөліп алып, егіс тақталарының ара-арасындағы жылғашық жолға салып, екі жақтағы тақталарда мөлшері 10 сантиметр болып өскен ашық жасыл түсті шөпті нұсқап: «Ертеңгі бидай әуелде, міне, мынадай жасыл болып көктеп өседі, ал бізге керекі жоқ арамшөптер, міне, қараңдар,

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ,
жазушы:

Тағдырыма өкпем жоқ

бозғылт, қоныр, кара болып шығып, бидайды өсірмей қоюға тырысады. Яғни біз бұл арамшөптерді жұлып тастауға тиіспіз. Абайландар, асықпандар, бидайды жұлып алмандар. Аярақтағы арамшөпке колдарың жетпегенде, міне, көріп алыңдар, тақтаны бір колдарыңмен былай тірей еңкейіп, екінші колдарыңмен жұлып алыңдар», деді. Қалай жұлдуды көрсетті.

Сонымен, біз бір ай бойы егістіктегі арамшөпті құртумен айналыстық. Одан кейін шөп шабу науқаны басталып, 7 ұл сенокосилканың (шөп шабатын мәшіннің) өгізіне мінуге ауылдан алыс шөпшілер бригадасына апарылдық. Әрқайсысымыз сенокосилкаға жегілген 4 өгіздің алдыңғы біреуіне мініп, айдаушы болдық. Дала қосында жатамыз. Тамағымыз — қоймалжың талқан көже мен қатырма және шай.

Шілде айы ортасынан ауа бере шөп науқаны аяқталып, егін ору басталды. Біз енді лабогрейканың (бидай оратын мәшіннің) өгізіне міндік. Сөйтіп, оқу жылы келгенше дала жұмысында жүрдік. Жексенбі күндері ертемен үйге барып, кірлеген киімімізді жудырып, бірер сағат асық, доп ойнап, кешке тамағымызды алып, қосқа қайтамыз.

7-сыныпка жеткенге дейін каникулды (жазы демалысты) осылай өткіздім. 7-сыныпты бітірген жылы каникулда колхоздың қой қорасын салушыларға көмектесуге жіберілдім. «Бойшансың, күшің бар» деп таңдап алды. 8-сыныптан кейінгі каникулда колхоз мектебін

салыстым. 9-сыныптан кейін ағаш отырғызу жұмысында болдым.

Біз талғап тамақ іше алмадық, таңдап киім кие алмадық. Әке-шешенің еңбеккүн ақшасына сатып алуға дүкенде татымды, тәуір дәнеңе болмайды. Біздің үйде бір жылқы, бір сиыр, екі ешкі болды. Тамақ пен киіміміз — солардың «мойнында».

Ол қиындықтың қарымтасын сабақ айларында мектептегі көңілді әрекеттерімізбен қайтаратынбыз. Мектепте: сурет, кесте, ән-би, дойбы, шахмат, әдебиет, домбыра, баян үйірмелері бар. Сабақтан кейін бір жарым сағат шамасы сонда мәре-сәре болып отырамыз. Айына бір рет «Мектеп пен шәкірт» деген қабырға газет шығады. Мен оның редакциялық алқасына мүшесім, анда-санда өлең, қысқа әзіл мақала жазып тұрамын.

Түйіп айтарым: ағаларымыз майданға кетіп, ауылдағы тірліктің тауқыметін тартқан қарттардың, апайларымыз бен

жеңгелеріміздің арасында «бала колхозшы» болғаныма өкінген емеспін. Үлкендерден жақсы тәлім-тәрбие алдық, еңбексүйгіштікке баулындық.


Ал балалық жылдарымнан тізіп айтар қызық жәйттер жоқ деуге болар. Бір ғана «шыжық» жәйт былайша:

Құдамыз Райымхан Калиев

— колхоз жылқы фермасының меңгерушісі әрі колхоз бастығының орынбасары. Аудандық, облыстық бәйгелерде жүлде алып жүрген атакты Кератты болды. Бір күні танертен Раханның Кератты қорадан жетектеп алып шыққанын көріп, жүгіріп бардым. Атты мама ағашқа байлап, үсті-басын жөкемен сүрткілей бастады.

— Ассалаумағалейкүм! — дедім.

— Ә, құда бала, хал қалай? — деп жымып, қалың қасын бір секірттіп қойды. Жымығанын ұнатып қалып:



— Аға, Кератты да суарып келейінші! — дедім. Рахаң тағы «х-хым» деп алды да: — Сен әлі кішкентайсың ғой? — деді. — Кішкентай емеспін, үшінші класта оқимын ғой, — дедім. — Солай ма? Онда жігіт боп қалған екенсің! — деп Рахаң маған жымия қарап тұрды да: — Жарайды, Тасбастаудан суарып кел, бірақ аяңдатып барып, аяңдатып қайт. Егер желдіртсең, ары қарай ие бола алмайсың, басы қатты, сені жерге топ еткізеді де кете барады. Одан кейін, ұмытпа, қолтығына аяғыңды тығушы болма, қытығы бар, өйтсең — оқыс шапшиды да, сені үстінен лақтыра салады, — деді.

— Ұқтым, ұқтым, өйтпеймін! — деп тағы лыпылдадым. Кератқа бір міну арнамым болса, қалай лыпылдамайын!

Тасбастауға атпен емес, ұшақпен жеткендеймін. Кераттың су ішкені қызық екен. Екі-үш ұрттайды да, басын көтеріп, аузын шайған кісіше еріндерін жыбырлатып, суды тамшылатып сәл-пәл тұрады. Шөлі қанған соң басын бірер шұлғы да, шегінді. Маған бір «арам» ой келе қалды: «Мына жер — кең дала. Ауыл көрінбейді. Кераттың ауыздығын салып, біраз шапсам қайтеді? Аттың жалынан сипалап, мойнынан қакқылап, ауыздығын салдым да, басын күн шығар жақтағы кеңістікке бұрып, қос қолдап тарта ұстап, тақымымды қысып кеп қалдым. Ат желе жөнелді. Тақымымды тағы қысып-қысып қалып едім, ат ытқи шаба жөнелді. Арнамым орындала бастаған соң аянармын ба, еңкейе тебініп-тебініп, бір қолыммен жалынан мықтап ұстап: «Жүйткі, Керат, жүйткі!» деп айғайлап та жібердім.

Қуанғаным ғой.

Ат келесі қырмаға жақындай бере жалт бұрылып, ауылға қарай зымырады. Ойда-жокта ол жалт бұрылғанда мен бұлт етіп түсіп қала жаздадым. Ауыл жақ қырмаға жете тежейін деп ойлап, тізгінді тартып едім.

ауыздықты тістеп алған ба, елер емес. Жандәрмен мойнын құшақтай жатып алдым. Керат зулап келеді, басымды көтеріпкіреп бір қарағанымда ауылға кіргенімізді көрдім. Біреулердің әлде не деп дауыстағаны, иттердің абалағандары естіле бастады. Керат қораға жете тоқтар деп ойлағаным да болмады, қораның жалпақ есігі жақындап қалды, жандәрмен жалын жамыла құшақтай түсіп, мойнынан сырғи қарай жантая бердім. Ат дік етіп тоқтай қалды, мен топ етіп ұшып түстім. Қораның іші екен. Тұра сала есікке ұмтылдым. Қорадан шыға үйге қарай зымырадым. Қабаған иттен қашқандай безіп келемін. Алдыңғы жақтан біреулер жүгіріп келеді. «Әй, Ғаббас, тоқта!» деген дауыс естілді. Одан соң қиқылдаған күлкі естілді. Ешқайсысын аңғарар да, тоқтар да емеспін. Бір кезле: «Балапаным-ау! Қарғашым-ау!» деп қалбалақтап тақала берген апамды құшақтай алып, құлды біреу сабай бастағандай-ақ бақырып жылап жібердім...

Жазып алған Макпал НОҒАЙБАЕВА

МҮКІС МҮНІС



«Тоғындар» сөзіне қатысты А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты терминология бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты Бауыржан Жонкешов түсініктеме береді.



Скоба — тоғын. Бұл терминді 1971-1981 жылдар аралығында еліміздің республикалық терминологиялық комиссиясы «қапсырма» деп бекіткен. Ал мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысымен дайындалған 30 томдық салалық терминологиялық сөздіктерде де «скоба» — «қапсырма» деп берілген.

Енді «тоғын» сөзінің түсіндірмесін атайық. 2013 жылы шыққан Қазақ сөздігінде «ТОҒЫН» з а т . Үлкен, зор денелі адам. ТОҒЫН? з а т . ж е р г . Дөңгелектің шен темір ішіндегі име ағашы. ТОҒЫН? з а т . қ о л ө н е р . Шаңырақтың күлдіреуішсіз шенбері» (1251 б.) деп берілген. Тоғын сөзіне берілген үш түрлі түсіндірмеден де «скоба» терминіне балама бола аларлық мағынаны кездестіре алмаймыз. Сол себептен де «тоғын» сөзі «скоба» терминіне балама бола алмайды деп ойлаймыз.

Қорыта келгенде, «скоба» терминінің қазақ тіліндегі нұсқасы ретінде «қапсырма» бірлігін қолданған орынды.

АЕГЕН ЕКЕН?



РЕНІШ

Ертеректе атакты жезтаңдай әнші Манарбек Ержановқа «Қазақстанның халық артисі», ал бір топ өнер шеберлеріне «Қазақстанның еңбек сіңірген артисі» атағы беріліпті.

Сонда «халық артисі» деген атақтың жоғары екенін білмеген Мәкен:

— Немене, сонда менің Қазақстанға еңбегім сіңген жоқ па? — деп кәділгідей ренжіпті.


ҚОҒАБАЙ МЕН ҚОҚАН

Жазуші Қоғабай Сәрсекеев бірде жолдас-жораларымен әңгімелесіп отырып сөз арасында:

— Осы жасымда төрт рет Қоқан атанып, қайтадан төрт рет Қоғабай болып қалдым. Бастық болсам, жұрт Қоқан дейді де, түсіп қалсам, Қоғабай дейді, — депті.

(«...Деген екен!», Құрастырған Мақсұтбек НИЯЗБЕКОВ)

JAS QAZAQ ҒААБЕРЯСЫ



Әлем Барысы - 2019



Фото: Фома КАМЕВА



БАСПАСӨЗ – 2020

JAS QAZAQ газетін оқи жүріңіздер!

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

**Жазылу индексі
65032**



Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріші

Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен ҚӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2190;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралымы — 25 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарсын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.